

насихатталмай-ақ қойды. Бірақ еліміз тәуелсіздік алған кезден бері осынау ұлттық ойынымыз қайта жандану жолына түсті. Қазіргі таңда республикамызда оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғызқұмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған.

Ұлттық ойынымыздан айырылып қалу қаупі төніп тұр, өйткені ұлттық сусынымызбен ұлттық тағамдарымыз секілді басқа мемлекеттің патент алып кетпеуіне кім кепіл сондықтан ертерек әрекет етіп, ыждағаттап қимылдағанымыз дұрыс. Ата-бабадан қалған ой өріс ойынын келешек ұрпаққа өз деңгейде жеткізуге тырсақ жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

- 1.Тілеубаев С. Тоғызқұмалақ әліппесі. А., "Қағанат", Алматы, 2000.
- 2.Шотаев М. Тоғызқұмалақ ойынындағы тәңірлік дүниетаным көріністер//1 халықаралық түркология конгресінің жинағы. Түркістан, ХҚТУ баспасы,2003.
- 3.Ақшораев Ә. 60 сабақтың тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. Тараз,2001.

Әріпхан Ақбаян, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ПИМНО – 21 тобы студенті
(*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушы Асетова Ж.Б.*)

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оны ақпараттандыру басым мәнге ие болып отыр. Жалпы бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінің қоғамдық даму негізі болып білім, ақпарат және ақпараттық технологиялар болып табылады. Осыған орай, ақпараттандыру қазіргі білім жүйесінің басты бағыттарының бірі болып қарастырылуда және білім саласында мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану түрлі дидактикалық және педагогикалық міндеттерді шешу жолында зор құрал болады.

Білім берудің парадигмасы «өмір бойына алған білімнен» қажеттілік пен мүмкіндікті сезінуге «бүкіл өмір бойы білім алуға» дейін өзгеріп отыр [1].

Қазақстанда ақпараттандыру процесі 1990 жылдардан басталады. Бұл кезең ішінде республикамызда компьютерлік техника саны артып, біршама мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, кәсіпорындар мен ғылым, білім мекемелерінде жұмыс процесі аутоматтандырыла бастады. 1996 жылдан бастап елімізде Интернет жүйесі жұмыс жасай бастады.

Компьютерлік және ақпараттық құралдардың арқасында қазіргі саясат жаһандық саясатқа айналды, бұл саясат үшін ұлттық, мемлекеттік және басқадай шекара жоқ. ол қоғамдық өмірдің бүкіл саласына, ал ең бастысы адамның санасына дендеп ене бастады. Ақпараттың арқасында жаңа мифтер жасау арқылы адамдардың психологиясына әсер етіп, оны өзгерту мүмкіндігіне ие болды.

Осыдан, мультимедиялық технологияларды бүгінгі күні дәстүрлі оқыту үдерісін өзгертуге нәтижелі тәжірибенің жинақталғаны байқалады.

Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті программалық және әдістемелік жабдықтар) әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса олардың оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындалатын әдістемелік құрал ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор.

Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз – оқушының өз бетінше таным қызметін, оқытуды, оқу процесін басқаруды жеделдетуге бағытталған әдістемелік,

психология-педагогикалық бағдарлама, техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешені.

«Мультимедиалық технологиялар» - бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Мультимедиа құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып, тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын ақпараттық және программалық құралдардың біріктірілген кешендерін айтады [2].

Мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуіміз қажет. Мультимедиялық технологияларды тиімді қолдану білім беруде болашағы бар бағыт болып табылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Оқыту мен білім беруді жылдамдатуда мультимедияны қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын, белсенділігін, қызығушылығын, оқу тапсырмаларын игеру мүмкіндіктерін көтереді.

Білім мазмұнын жаңартудың маңызды аспектілерінің бірі бастауыш мектепті ақпараттандыру болып табылады.

Бастауыш мектепті ақпараттандыру дегеніміз – бұл бастауыш мектепте оқу құралы есебінде және бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу, дамыту үшін, сондай-ақ оқу процесі мен мұғалімнің кәсіби жұмысын талапқа сәйкес ұйымдастыру мақсатында оқу үрдісіне ақпаратты, коммуникациялық құралдарды енгізу.

Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивтісізі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Бүгінгі күні бірнеше ИТ түрлері бар. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық.

ACTIVboard (Promethean компаниясы) – ACTIVstudio программасы арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады.

Активті қалам – бұл мензерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы.

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы географиядан, физика, биологиядан және т.б. пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің « төртбұрыш » объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим

Microsoft Office – нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады («тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы) және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим – тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы.

Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Прожектор және Шторка құралдары экранның белгілі бір кішігірім аумағын көрсетуге арналған. Прожектор құралы аудиторияның назарын бір объектіге аударуға арналған. Экран бетінде бір мезгілде бірнеше объектілер орналасқан болса, оның қажет объектісін ерекшелеп, қалғанын жауып қоюға арналған. Шторка экранның бір бөлігін жауып қоюға арналған (есеп шығаруда дұрыс жауаптарын, оқушыларға әзір белгісіз ақпаратты) және материалды оқу барысында мүмкіндігінше тақтаның қажет бөлігін көрсету.

Бағдарламалық – техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі :

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру ;
- Алған білімді жүйелеу ;
- Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру[3].

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды
2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады
4. Сабақта ACTIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады
5. ACTIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабақтың өнімділігі артады.
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді

Интерактивті техникалық оқыту құралдары - оқушыға оқу материалын ұсынып, берілген жауаптың негізінде келесі оқу материалының мазмұнын құрылымдайды. Қорыта айтқанда, интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді. Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Демек жоғарыда айтылғандарды қорыта келе мектептің оқыту үдерісінде Интернет-ресурстарды пайдаланудың мүмкіндіктері бар екендігі айқындалады, оны арнайы порталдар, сайттар және мультимедиялық құралдар арқылы іске асыуға да болады. Мультимедиялық технологиялар оқушылардың білім, білік, дағды сапасын арттыруға және өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, өзін-өзі реттеуге қызмет етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 52 б.
2. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологиаларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.автореф./ Б.А.Досжанов. – Түркістан, 2007-30б.
3. Устемиров К.У. Современные образовательные технологии и технические системы обучения: метод. рекомендации / Устемиров К.У, Шаметов Н.Р, Бакиров Р.Т – Алматы, 2006 -100стр.
4. Хакимова Ж.. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану. /Хакимова Ж.// Мектеп директоры – 2007. - №3 -25б.

Воробьева Н.Г., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, педагогический факультет, гр. ИИЧ-42, студент
(Научный руководитель – к.п.н., профессор, академик Золотарева Л.Р.)

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОГО СПЕЦКУРСА «ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИЯ АЭРОГРАФИИ В СОВРЕМЕННОМ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ» ДЛЯ ПЕДАГОГОВ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В рамках реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы возникает необходимость в расширении сети организаций дополнительного образования, а также в совершенствовании их структуры и содержания [1].

Дополнительное художественное образование является одним из массовых и популярных. Развитие творческих способностей детей в области музыки, хореографии, циркового, театрального, изобразительного, декоративно-прикладного искусства способствует формированию художественно-эстетического воспитания, уважительного отношения к истории, культуре и ценностям народа; помогает выявлению наиболее одаренных учащихся для продолжения профессионального обучения в средних специальных и высших учебных заведениях искусства и культуры [2, с. 25].

Плодотворное внедрение в содержание дополнительного художественного образования авторских спецкурсов и программ представляет собой дальнейшее развитие стратегического направления художественного образования, установленного основными